

#8

(944)
28 сәуір
2023 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

АБЫРОЙЫҢА
ҚҰЛ БОЛ!

КІМ БОЛСАҢЫЗ ДА,
ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА
ДА ЖҮРСЕҢІЗ ДЕ ҚАДІР-
ҚАСИЕТТІ ЖОҒАЛТПАУ,
АРДАН АТТАМАУ ӨЗІҢІЗГЕ
ҒАНА БАЙЛАНЫСТЫ.
АДАМ БОЛМЫСЫН,
ЖАРАТЫЛЫСЫН ЕШКІМНЕН
ЖАСЫРА АЛМАЙДЫ.
СОНДЫҚТАН ТУА БІТКЕН
ҚАСИЕТ ПЕН БОЛМЫС
ҚАҒАЗҒА ХАТТАЛЫП, МӨР
БАСЫЛҒАН МІНЕЗДЕМЕДЕН
ӘЛДЕҚАЙДА ШЫНАЙЫ.
ҚАРАҚАН БАСЫН
ОЙЛАҒАН ЖАН ӨЗ МІНЕЗІ
МЕН ХАЛЫҚ МІНЕЗІНІҢ
БАЙЛАНЫСЫН, ПАРҚЫН
АЖЫРАТА АЛМАЙДЫ.
АЛ ҰЛТ ДӘСТҮРІН, АТА-
АНА ТӘРБИЕСІН, ҰРПАҚ
БОЛАШАҒЫН ОЙЛАҒАН
АДАМ ЖАҚСЫ АТЫ ҮШІН
ҚАМ ЖЕЙДІ. ОСЫ РЕТТЕ
«ЕРКІҢЕ БИ БОЛСАҢ ДА,
АБЫРОЙЫҢА ҚҰЛ БОЛ!»
ДЕГЕН ХАЛЫҚ НАҚЫЛЫ
ТЕГІН АЙТЫЛМАСА КЕРЕК.

(Жалғасы 6-7-бетте)

Қазақстанда
30 ЖЫЛТабысты серіктестікке
30 ЖЫЛ

Болашаққа бірге ұмтыламыз

Біз 1993 жылы Қазақстанмен әріптестік орнатқан алғашқы халықаралық энергетикалық компаниялардың бірі болдық. Сол кезден бастап "Шеврон" прогресті алға бастырып алып қуаттың көзіне айналды. Отыз жылдық тарихы бар стратегиялық серіктестік барысында біз мыңдаған жұмыс орындарын ашып, отандық тауарлар мен қызметтерді пайдаланып, жергілікті мамандарды жетілдіруге күш салу арқылы Қазақстан экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қостық. Осы уақыт аралығында Қазақстан әлемдік энергетикалық державаға айналды. Бүгінгі таңда "Шеврон" Қазақстанмен табысты ынтымақтастығының 30 жылдығын мақтанышпен атап өтуде. Біз адамдардың өмірін жақсартуға, әлеуеттерін арттыруға және болашаққа бірге қадам басуға дайынбыз.

Толығырақ ақпарат <https://www.chevron.com/worldwide/kazakhstan> сайтындаthe
human
energy
company®
Chevron

Brent \$80.39

USD 452.5 T

EUR 499.5 T

RUB 5,4 T

БІЛІК

СОҢҒЫ 3 ЖЫЛДА БАЙЛАНЫС ОПЕРАТОРЛАРЫ ОСЫ САЛАҒА ТАРТЫЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯНЫ ШАМАМЕН 60 ПАЙЫЗҒА ДЕЙІН ТӨМЕНДЕТІП ЖІБЕРГЕН. ӨЙТКЕНІ ОЛАРҒА ҚЫМБАТ ИНФРАҚҰРЫЛЫМҒА ҚАРЖЫ САЛҒАННАН ГӨРІ, ЗАҢ БҰЗУШЫЛЫҚ ҮШІН АЙЫППҰЛ ТӨЛЕЙ САЛҒАН ТИІМДІ. АЛ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТАПСЫРМАСЫ БОЙЫНША ЕЛІМІЗ ҚУАТТЫ ДЕРЕКТЕР ОРТАЛЫҒЫ, ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ТАЛШЫҚТЫ-ОПТИКАЛЫҚ МАГИСТРАЛЬДАРЫ БАР ЦИФРЛЫҚ ХАБҚА АЙНАЛУЫ ТИІС. ОСЫ АПТАДАҒЫ ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫНДА МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТАПСЫРМАСЫМЕН ӘЗІРЛЕНГЕН «ҚОЛЖЕТІМДІ ИНТЕРНЕТ» ҰЛТТЫҚ ПИЛОТТЫҚ ЖОБАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ ҚАРАЛДЫ.

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

САПАЛЫ БАЙЛАНЫС ПЕН ЖЫЛДАМ ИНТЕРНЕТ ҚАЖЕТ



Әлихан СМАЙЫЛОВ, Премьер-Министр:

«Елді мекендерде, тіпті ірі қалалардың өзінде мобильді интернет жоқ немесе сапасы нашар. Мұндай шағымдар, әсіресе, Алматы мен Астанада көп. Мобильді интернетке қызмет көрсету байланыс операторларының міндеттемелеріне неге кірмейтіні мүлдем түсініксіз.

Интернеттің сапасы мен жылдамдығын өлшейтін құралдар жоқ. Инспекцияның өзі жол бойындағы және елді мекендердегі интернет жылдамдығын өлшей алмайды. Бұл проблемаларды шешу керек. Қазіргі таңда адамдар бірінші кезекте интернет сапасына қарайды. Жай ғана желі тартып беретін кезеңнен өттік. Халыққа сапалы байланыс пен жылдам интернет қажет. Олар тарифтердің ақысын толығымен төлеп отыр. Сондықтан сапалы қызметті талап етуі орынды».

Бағдат МУСИН, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі:


«2020 жылы 1200 ауылға оптикалық желі жеткізілген болатын. Бірақ әр үйге дейін оптиканы жеткізу дұрыс қолға алынбаған. Біз сол ауылдардағы 300 мың үйді интернетке қосамыз. Одан басқа оптиканы тарту мүмкіндігі жоқ 500 ауыл қалып отыр, оларға спутниктер арқылы интернет жеткізіледі. Сондай-ақ 134 ауылда спутниктік трансмиссияны жер үсті трансмиссиясына (РРЖ) ауыстыру жоспарлануда. Бұл бастамалар қалалық және ауылдық елді мекендер арасындағы интернетке қолжетімділік алшақтығын қысқартуға, ақпарат қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ автожолдарға 487 антенна тіректерінің құрылысын орнатылып, соның нәтижесінде 17 000 шақырым жол мобильді интернетпен қамтамасыз етіледі».



Арман ӨТЕҒҰЛОВ, Сенат депутаты:

«Ауылда малмен күнелткен жұрт «жүн мен теріні ешкім алмайды» деп аяққа таптап, қоқысқа тастап жатыр. Ал сол жүн мен теріні өңдеумен айналысатын кәсіпорындарда тиісті шикізат жеткіліксіз, жүктемесі тым аз. Осыдан 2-3 жыл бұрын экспортқа шығаруға тыйым салынған болатын. Әлі алынған жоқ. Жеңіл өнеркәсіпте ең жиі қолданылатыны сиырдың терісінен 20 жұп аяқ киім тігіп шығаруға болады. Әр аяқ киімнің бағасын 15-20 мың теңге деп есептегенде, бір сиырдың терісінен 300-400 мың теңге қаражат табуға болады. Елімізде жыл сайын шикі терінің 10-20 пайызы ғана сатылады. Ал 3 миллионға жуық мал терісі өңделмеген күйі далаға тасталады. Осының бәрін кәдеге жаратқанда шаруалар шамамен 14 млрд теңге табыс табар еді».



МЕНІҢ ПІКІРІМ

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ПЕН АДАМНЫҢ ОЙ-САНАСЫН АЛДАП-АРБАЙТЫН ӨТІРІК ХАБАРҒА ТОСҚАУЫЛ ҚОЮ ҚОҒАМДА ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ БАЯНДЫ ЕТУДІҢ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТІНЕ АЙНАЛДЫ. JAS QAZAQ-ТЫҢ «МЕНІҢ ПІКІРІМ» АЙДАРЫ БАҚ МАЙТАЛМАНДАРЫНЫҢ ОСЫ ТАҚЫРЫПҚА ҚАТЫСТЫ ОЙ-ПІКІРІН ҰСЫНАДЫ. АЙДАРДЫҢ БҮГІНГІ ҚОНАҒЫ – РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ЗАҢ» ГАЗЕТІНІҢ БАС РЕДАКТОРЫ, БЕЛГІЛІ ЖУРНАЛИСТ АЙНҰР СЕМБАЕВА.



Айнұр СЕМБАЕВА:

Ақпараттық қауіпсіздікке қазақтай кіді, мұқият қараған халық жоқ, сірә. «Үй артында кісі бар» деп отбасылық кикілжіңді сыртқа білдірмей, айқай-шусыз шешу тек қазақтың қолынан келетін. Ал қазір үлкен отбасылық мәселе тұрмақ, екеудің арасындағы құпия, нәзік қарым-қатынастың өзі ток-шоулардың талқысына айналды. Қай арнаны қарасаң, ерлі-зайыптылардың ішкі мәселесіне араласып, ақыл айтып отырған психолог, заңгер, блогерлерді көресің. Ғаламтордағы шектеусіз ақпаратты былай қойғанда, әлі күнге дейін шекара маңындағы ауылдар көрші елдердің радиосын тыңдап, телеарнасын көруге мәжбүр. Содан келіп тілге, елге деген құрмет азаяды. Өзге елдің саясатына құлақ түріп, әдебиеті мен мәдениетін қалт жібермей бақылап отырған адам қазақылықтан алыстай береді.

Бұдан бөлек, ғаламтордағы шектеусіз, бақылаусыз ақпараттың қазақы болмысымыздан айырып, дүбара ұрпақты көбейткенін мойындауымыз керек.

Ал қоғамдағы фейк-ақпарат таратушылардың бірі атын

«ҮЙ АРТЫНДА КІСІ БАР» ДЕГЕНДІ ҚАЗАҚ БЕКЕР АЙТПАҒАН

шығаруды, ұпай түгендеуді мақсат етсе, тағы бірі сауатының кемдігінен, білімінің таяздығынан тексерілмеген дүниені ортаға тастап, көпшілікті дүрліктіріп жатады. Өкінішке қарай, осындай фейктерге жұрт көп сенеді, сенген соң оның таралуына белсенді үлес қосады. Бұл – мида сүзгі болмауының, ақпараттың ақ-қарасын анықтауға өренің жетпеуінің салдары. Ақпаратты дер кезінде таратпау, фейкке қатысты жедел пікір білдірмеу жалған ақпараттың жұртты дүрліктіруіне әкеп соқтырады. «Жау кеткен соң қылышыңды тасқа шап» демекші, құзырлы органдар «ұйқысынан» оянып, ақпараттың жалған екенін айтқанша, фейктер жететін жеріне жетіп үлгереді. Қарапайым азаматтар ақпаратты күнделікті бақылап отырмаған соң, тараған фейктің жалған екенін сол бойы білмеуі де мүмкін. Сондықтан жауапты мекемелер жедел ақпарат беріп, өзіне қатысты сауалдарға дер кезінде жауап

қайтаруға үйренбейінше, жалған ақпарат таратушылардың жаһанды жалпағынан басарына талас жоқ.

Бізде қазір заңды қатайту арқылы кез келген мәселені шешуге болады деген түсінік қалыптасқан. Рас, құқықтық мемлекетте барлық қарым-қатынастың заң арқылы реттелгені орынды. Бірақ көшеге қоқыс тастама, кешкі 11-ден кейін көршілердің мазасын алма, біреуді боқтама, ар-намысына тиме дегенді ұқтыру үшін жаза белгілеу қаншалықты дұрыс? Құқықтық қоғамда мұның бәрі заңсыз-ақ шешімін табуы керек

емес пе? Ал жалған ақпаратқа қатысты жазаға келсек, фейк таратушыларға Әкімшілік құқық бұзушылық кодексте де, Қылмыстық кодексте де арнайы жауаптылық қарастырылған. Жазаның жеңіл, ауырлығы тараған ақпараттың қамтыған аудиториясына, тигізетін залалына тікелей байланысты. Сәйкесінше, жеке адамды жемқор деп жалған айыптаған адам айыппұл төлесе, «Жарылғыш зат бар, қаланы түгел жермен-жексен етеді» деп барша тұрғынды дүрбелеңге салғандар бас бостандығынан айырылады. Меніңше, жазадан гөрі енді азаматтарды көрінеу жалған ақпарат таратпауға үйрететін қоғамдық сана қалыптастыру маңызды. Жалған ақпарат таратудың, біреуге жала жабудың, көзің жетпеген хабармен бөлісудің салдарын балалардың санасына құйып өсіру керек. Отбасында «тек» дегенді біліп өскен бала өскенде де өзгелердің құқығын бұзбайтынына сенімдімін.

ҚАРАПАЙЫМ ЗАТТАР ЭКОНОМИКАСЫ



2019 ← → 2022



2019 ← → 2021



БАСЫМ БАҒЫТТАР → 20



**27 СӘУІР – ТҮРКИЯ
ҮШІН ЕРЕКШЕ КҮН. АТОМ
ҚУАТЫН БЕЙБІТ МАҚСАТТА
ПАЙДАЛАНУҒА МҮМКІНДІК
БЕРЕТІН АККУУ (АҚ ҚҰДЫҚ)
РЕАКТОРЫНА ЯДРОЛЫҚ
ОТЫН ЖЕТКІЗІЛДІ.
ОСЫЛАЙША, СТАНСА
ЯДРОЛЫҚ НЫСАН
МӘРТЕБЕСІН АЛЫП,
ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУ
БОЙЫНША ШЕШУШІ
ҚАДАМ ЖАСАЛДЫ.**



Мерсин уәлаятындағы Гүлнар ауданында, Ақ теңізге жақын жерде орналасқан Аккуу атом электр стансасы – инвестициялық тұрғыдан ауқымды жобалардың бірі. Мамандар АЭС елдің энергетикалық тәуелсіздікке жетуіне маңызды үлес қосады деген сенімде. Бірінші энергоблокқа отын тиеліп, тиісті

АККУУ- ТҮРКИЯДАҒЫ АЛҒАШҚЫ АЭС

осы отын өзегінің көмір қышқыл газының ауаға таралуына жол бермейтінін атап өткен жөн. Бұған қоса, салыстыру үшін айта кетейік, ол 124,5 мың вагон көмір жұмсап

таңдап алынды. Әрбіріне ВВЭР-1200 типтегі реактор орнатылатын әрі жалпы қуаты 1200 МВт болатын төрт энергоблоқтың құрылысы бір мезгілде жүріп жатыр. Жоба осы ерекшелігімен әзірге әлемде баламасыз болып тұр. АЭС-ті пайдалану мерзімі 80 жыл деп есептелген.

2010 жылы Ресей мен Түркия арасында қол қойылған келісімге сәйкес, Анадолыда «Akkuyu Nükleer» акционерлік қоғамы құрылды. Ал 2018 жылы президенттер Режеп Тайип Ердуан мен Владимир Путин ел астанасы Анкарада видеобайланыс арқылы стансаның құрылысын бастау рәсіміне қатысты. Былтыр наурыз айында төртінші энергоблоқтың іргетасы қаланды.

Бүгінде стансаның барлық алаңдарында жұмыс қызу қайнап жатыр. Жұмысқа тартылғандардың дені жергілікті азаматтар. Станса болашақта 4 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етпекші.



дайындықтан кейін соң алдын ала сынақ жүргізіледі.

Түркияға жеткізілетін отын өзектері (fuel rod) АЭС іске қосылған соң бір жарым жыл уақыт бойы электр энергиясын өндіру үшін қолданылады. Содан кейін оларды арнайы орынға апарып, сол жерде сақталады. Электр қуатын өндіру барысында

алатын электр энергиясына тең қуат бере алады. Түріктің алғашқы атом электр стансасы толық қуатымен жұмыс істеген кезде 35 млрд киловат сағат электр энергиясын өндіреді. Сөйтіп, жалғыз өзі елдегі электр қуатының 10 пайызын қамтамасыз етеді.

Аталған стансаны салу және оны пайдалану үшін ресейлік жоба

(Соңы. Басы 1-бетте)

Советтік аума-төкпе заманда, байырғы дәстүрімізді бұзып алғанымыз өкінішті-ақ. Бұған ұстыны мортыққан, айнымалы қоғам ғана емес, баршамыз кінәліміз. Әуелі отбасын лайықты бағып-күтпеген ата-ана, шәкіртіне жүйелі тәлім бермеген ұстаз, бауырынан қол үзген ағайын, қауымын тексізге талатқан ел ағасы, иманға ұйыта алмаған молда, шалағай оқыған маман, адасқан шөре-шөре ұрпақ – бәрі көз алдымызда жүріп жатты. Орындалмаған парыз, қызына тыйым салмаған қырық үй – қауым, еңбексіз болдырған еріншек, жегіқұрттай жабысқан жұмыссыздық, кәсіпке мойын бұрғызбаған

кісәпірлік, іспен қабыспайтын сөзбұйдалық, кез-келген ортаны қырық пышақ ететін қыңырлық, араша сұрайтын арыз, сұраншақтық пен жапатармағай қарыз көз үйренген қалыпты жағдайға айналды. Сайып келгенде, осының баршасы қоғамымыздың дамуын, мәдениетіміздің өрістеуін тежеп келеді.

«Беті ашылып кеткендер» тұрмыс тауқыметіне шыдай алмай, ар-ұяттың пердесін ысырып қойып, үлкен-кішінің көзінше оғаш мінез,

ерсі қылық танытып, бейпіл сөзді қарша борататындар шықты. Көптің басы қосылған жиындарда бетің бар, жүзің бар деместен о жарлық, оспадарлық жасауды өжеттікке, батылдыққа балайтындар пайда болды. Онысын сыбайласы таспаға түсіріп, жерден жеті қоян тапқандай әлеуметтік желіге жариялап жатты. Сонда көрер көзге түрпі, естір құлаққа ерсі қылықтан, кикілжіңнен, ұрыс-керістен кімге пайда? Өзгенің абыройын төгуі өзіне опа бола қоярма екен?

АБЫРОЙЫҢА

СРЕПУТАЦИЯ



Әдетте, ұлтымыз кісіні тыңдай білуді, сабыр сақтауды, жөн сөзге тоқтауды – сыпайылық, әдептілік, мәдениеттілік үлгі-өнегесі деп санаған. Қандай да бір дау-шарды шешу барысында ел естияр, егде адамының, ақсақалдың пікіріне құлақ асып жүгінген, әділ төрелікке мойын ұсынған. Өйткені көңілге түскен кірбіңнің кететінін, ал сүйекке жабысқан таңба ұрпақтан ұрпаққа жететінін ескерген. Оның үстіне «Жақсы әке жаман балаға қырық жыл азық» деген даналық бар. Бұл әрбір отағасын жақсылық жасауға үндейді деп ойлаймыз. Әкенің кез-келген іс-әрекеті, амалы бала-шағасының алдынан шығатынын ұмытпаған жөн. Жазушы Ғабит Мүсіреповтің «Жақсы атағың алдыңда жүреді, жаман атағың артыңда жүреді» дегенінде терең ой жатыр.

Замандастарымыз опық жеп, күйінбес үшін он ойланып, жүз толғанып шешім қабылдаудың

орнына, менмендікке бой алдырып, заңсыз, арсыз әрекетке барады. Ертеңгі күніне бас қатырмайтын бүгіншілдер әдепті ұмытып, құлқынға ерік беріп, заңды белден басады.

Мынандай ескіден қалған есті сөз – имани әпсана еске түседі.

«Отағасы үйінен шығып бара жатқанда әйелі мен қызы:

«Харам табыстан сақ болыңыз. Біз аштық пен тоқтыққа сабыр ете аламыз. Бірақ тозаққа сабыр ете алмаймыз», – дейтін көрінеді.

ұғым, ішкі мәдениеттің мәйегі, адамшылық жолы.

Ол адамның отбасына, Отанына қатысты өмірлік ұстанымынан, жеке қадір-қасиетінен, азаматтығынан, шешімді қадамынан, қарапайым да жүйелі әрекетінен, қағидатшыл ұстанымынан тұрады.

ҚҰЛ БОЛ!

ХАҚЫНДА

Өкінішке қарай, соңғы кезде мемлекеттік, қоғамдық қызметтің әр түрлі деңгейінде жемқорлық азаймай, өршіп барады.

Әшкереленіп, жазаға кесіліп жатса да қылмыскерлер әріптесінен, достарынан, көрші-қолаңынан, жалпы халықтан қымсынбайтын болды. Қоғамды алаңдатып отырған құбылысты қалай түсіндіруге болады?

Өскен ортасын, алтын ұясын, сүттей ұйыған ұжымын ұяттан безген, не абыройдан жұрдай адам ғана бүлдіреді. Мұндай алаяқты, ашкөзді, тойымсызды атам қазақ бір сөзбен «арсыз» деген. Адамның жақсы атына (репутациясы) сөз ерсе, одан құтылу қиын. Қазақ ондайдан «сүйекке таңба» деп шошынған. Бұл – халық қасиетіне ауыр сын.

Жалпы қоғамда атадан балаға мирас жақсы атты сақтап қалу – зор жауапкершілік, айрықша аманат. Кісінің абырой-атағы, жақсы аты – аса қымбат дүние. Бұл – үлкен әдептің көрінісі, ар-ұятқа байлаулы

Сол арқылы жақсы ат көпке жайылады, танымалдығы артады.

Ол жөнінде көпшіліктің ортақ пікірі қалыптасады. Ал бүкіл әлемде, соның ішінде біздің қоғамда талай құндылық өзгеріске ұшырап жатқанда абыройдың қадіріне жету мен оны сақтау мен бағалау – адамдық өлшемі болып қала бермек. Осы шартқа сай адамдар бар салада да бағы жанып, жолы ашылатыны сөзсіз. Абырой арқалау мақсат емес, адамшылық – мақсат. Бұған өнегелі тұлғалардың өмірі, сіңірген еңбегі, қалдырған ізі куә.

Ғұлама Журайри: «Адамдар исламның алғашқы ғасырында дінмен мәміле жасады. Екінші ғасырда дін әлсіреді де, ұжданмен мәміле жасады. Үшінші ғасырда ұждан жойылды да, әдеппен мәміле жасады. Соңында әдеп те жоғалып, уағыз тек тілде ғана қалды» деген екен.

Жұртқа қадірлі жақсылардың абыройы, қасиеті құрғақ айтылып



қана қоймай, ұрпақпен сабақтастық тауып, бүгін жалғасын тапса, бұл – елдік іс. Жақсымен бір жүрсеңіз, өнегесін сіңіресіз. Ортада сый-құрметке бөлейтін қасиет – азаматтың дақ түспеген абыройы. Шәкәрім қажы:

«Ақ жүрек пен таза ақыл, қылсаң адал еңбек, Бәрінен де сол мақұл артқыға жол бермек!» дейді. Осы өсиет – абырой мен ар-намысты, жақсы атақ пен іскерлік беделді қорғау мен қолдаудың жөн-жобасы, кепілі деп ойлаймыз.



СОҢҒЫ КЕЗДЕРІ

**ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ АРҚЫЛЫ
ШЕТЕЛДІК АЗАМАТТАРМЕН
ТАНЫСЫП, ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕРДІҢ САН
СОҒЫП ҚАЛАТЫН ОҚИҒАЛАРЫ ЖИІЛЕГЕН.
ӨКІНІШКЕ ҚАРАЙ, МҰНДАЙ АЛАЯҚТАРДЫҢ
ҚҰРБАНЫ БОЛҒАН КЕЛІНШЕКТЕР, БОЙЖЕТКЕНДЕР
ӨЗ ПРОБЛЕМАСЫН ШЕШУГЕ МҮЛДЕМ ҚАУҚАРСЫЗ.
ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНА ШАҒЫМДАНУҒА
ҰЯЛАДЫ. ОҢБАЙ АЛДАНЫП, ОПЫҚ ЖЕГЕН ҚЫЗ-
ҚЫРҚЫН АҚЫРЫНДА ПСИХОЛОГТАРДЫҢ
КӨМЕГІНЕ ЖҮГІНУГЕ МӘЖБҮР. АЙЛАКЕРДІҢ
ТҰЗАҒЫНА ТҮСПЕУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ
КЕРЕК? ПСИХОЛОГТАР ҚАНДАЙ
КЕҢЕС БЕРЕДІ?**

Алматы қаласының тұрғыны Жадыра (есімі өзгертілді) Инстаграм желісі арқылы Джеймс деген жігітпен танысты. Сүйкімді, сымбатты кәсіпкер Польшада тұрады екен. 38 жастағы бикешке поляк жігіті «әп» дегеннен үйленуге уәде беріп үлгерді.

«Ол таңертең «қайырлы таң» деп көңілді жадырататын тілек жазады. Кешке жұмыстан келгенімде жан-дүниемді баурап, көңілімді елжіретіп, шаттыққа бөлейтін сөздер жазып тұрды. Бұл дүниеде мені іздейтін тек сол Джеймс сияқты көрінетін. Екі апта бойы сырласым да, мұңдасым да, махаббатым да Джеймс болды. Ол ештеңе жазбаса, көңілім құлазып, іздейтін күйге түстім. Екеуміз ватсап арқылы жақын бола түстік. Бір күні Польшада тұратын ғашығым сыйлық жіберді. «Түркияның кеден бекетінде сіздің атыңызға рәсімделген қорап тұр» деп кеденші хабарласып, оны жеткізу үшін 750 доллар сұрады. Мен несие алып, әлгі кеденші жіберген реквизитке жібердім. Ертесіне әлгі сыйлық салынған қорапшадан 100 мың доллар таптық деп рәсімдеуге 300 доллар сұрады. Екі күннен кейін «сіздің сыйлық Қазақстанға

жетті. Алдымен 750 доллар, сосын 300 доллар төлеңіз» деп тасымалдаушы бір жігіт хабарласты.

Шағын несие ұйымдарының бір емес, бірнешеуінен қарыз алған Жадыра тағы 10 мың доллар сұрағанда өзінің алданып, сан соғып қалғанын біледі. Джеймстің сыйлығын алу үшін ол 1 миллион теңгеге жуық ақша жөнелтті. Несие алды, таныстарынан қарыз сұрады. Баспанаға жиған қаржысын да құйды. Сыйлық та, Джеймс те жоқ. Шетелдік «миллионер» әлеуметтік желідегі аккаунт, телефондарын бұғаттап, суға сіңген құмдай ғайып болыпты.

Ал Жадыраның қандай күйге түскенін аңғару қиын емес.

Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығының психологы Алена Тампишеваның айтуынша, көбінесе өзіне ғашық етіп, жүрегін жаулап, ақшасын сыпырып алатын алаяқтарға алданған әйелдер қылмыскердің аяласын жасырып,



ІС БІТТІ,

өздері күйзеліс шырмауында жүреді. Психолог ғаламтор арқылы танысып, опық жеген жандарға тез арада есін жиып, намыс, ұят, өзін-өзі кінәлаудан арылып, құқық қорғау орындарына шағымдануға кеңес береді. Мұхиттың ар жағынан хат жазған шетелдік «ғашықтарға» қашықтан тоналып, банктегі қарызы қордаланып, басын тауға да, тасқа да соққан қыз-қырқынның алаяқтардың құрбаны болғанын туыстары да түсінуі керек. Тұқыртудың орнына көмектескен дұрыс. Әдетте әккі айлакер мінезі жұмсақ, сезімтал әйелдерді қақпанға түсіреді.

«Жалғыздық қамытын киген, күнделікті күйбең тіршілігін қызықты еткен қалталы, тілі майда, жылы сөзге жомарт «күйеу жігіттердің»



ҚУ КЕТТІ

құрығына түйгені мол оқыған да, қарапайым оқымаған қыздың да ілінуі оп-оңай. Сондықтан осындай оқиғаға душар болған жан өзін кінәлаудан аулақ болуы керек. Оған ұялып, алданғанын кеш түсінсе де, міндетті түрде полицияға шағымданған дұрыс. Күйзеліске түсіп, жалпақ тілмен айтқанда. Күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айрылғанда психолог, психиатр, психотерапевтің көмегіне жүгінуге асығуы керек», – деп кеңес береді Алена Тампишева.

Психологтың айтуынша, алданған әйел әрмен қарай отбасын құрып, бақытты болам десе, психологиялық ем-дом алғаны дұрыс. Өйткені оның махаббат сезімін ойыншыққа айналдырып, үмітін, сенімін, өмірге деген құлшынысын аяққа басқан



алаяқтың әрекетінен кейін теңін тапса да, дұрыс қарым-қатынас орната алмайды. Ендігі кезде ол әркімнен күдіктеніп тұрады.

Интернет арқылы танысу қылмыс емес. Сүйіктісін онлайн тауып, бірін-бірі ұнатып, отау құрып, бақытты ғұмыр кешіп, үбірлі-шүбірлі болған жұбайлар да бар. Дегенмен

психолог интернет арқылы жар іздегенде сақ болуға кеңес береді.

«Мұндай алаяқтардың құрбаны болмау үшін ер адамның масыл болуына жол бермеген дұрыс. Әр адам алдынан кездесетін кедергі-қиындықтың бәрін өзі шешуі керек. Ғашығыңыз ақша сұрағанда «теңге емес, кеңес беруден бас тартпаймын» деп бетін қайтарыңыз», дейді Алена Тампишева.

Психолог мұндай қулардан құтылудың тамаша бір тәсілін айтты. «Онлайн танысқан адамыңыз ақша сұраса, материалдық жағдайыңыз қиын екенін, бұдан былай соның есебінен өмір сүргіңіз келетінін айтыңыз немесе қарыз сұраңыз. Көп ұзамай сізге күнде «сұлуым» деп сылап-сипайтын алаяқ жым-жылас жоғалады», – дейді Алена Тампишева.

Әлеуметтік желі арқылы танысып, қанша әйелдің шетелдіктерге алданып қалғаны жайлы нақты дерек жоқ. Себебі алаяқтың



құрбаны болған қыз-келіншектер көбінесе ол жайында тіс жармауға тырысады. Дегенмен психикалық денсаулық орталықтары психологиялық көмек беруге әрқашан дайын.

ШАРА

**КҮЙ АТАСЫ – ҚҰРМАНҒАЗЫ
САҒЫРБАЙҰЛЫНЫҢ
ТУҒАНЫНА 200 ЖЫЛ ТОЛУЫНА
ОРАЙ ЗАФИП ЖӘНЕ НАШАР
КӨРЕТІН АЗАМАТТАРҒА
АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
КІТАПХАНАСЫ ҒИМАРАТЫНДА
«КҮЙ – ҒҰМЫР» АТТЫ
ҚАЙЫРМДЫЛЫҚ
КОНЦЕРТІ ӨТТІ.**

Концерт Ыбырай Алтынсарин және Абай Құнанбайұлы төсбелгілерінің иегері, Алматы облыстық білім басқармасы Қаскелең мәдениет колледжінің оқытушысы, күйші Асқар Мұқановтың мұрындық болуымен ұйымдастырылды.

Мәдени шараның шымылдығын «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Күйшілер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы филиалының төрағасы Талап Қараш ашты.

Шара барысында бүкіл әлемге тараған, әлем халықтарының таңдай қағып, сүйіп тыңдайтын шығармаларына айналған Құрманғазының «Серпер», «Төремұрат», «Арба соққан», «Ақсақ киік», «Ілме» атты күйлері; халық күйі «Ақсақ құлан»; Есбайдың күйі «Терісқақпай»; Тәттімбеттің күйі «Саржайлау»; Нөкейдің күйі «Қосбасқан»; Сүгірдің күйі «Кертолғау»; Қарасайдың күйі «Қарасай»; Бәзғалам Айқынбайұлының күйі «Жолаушы»; сонымен қатар, қонақтар: Охан Бейсенбек «Кең

толғау» атты, Аман Малдыбев «Шағала жүрек», Асқар Мұқанов «Ақ бөбек» атты авторлық



Алматы филиалының төрағасы – Талап Қараш бірқатар күйшілерге «Халық күйшісі» және «Құрманғазы Сағырбайұлы» атындағы төсбелгілерін, «Құрмет грамотасы» мен «Алғыс хат» табыстады.

Құрманғазының 200 жылдығына арналған қайырымдылық концерті барысында күйден тартылған сый, қазақ күй мұрасына қосқан баға жетпес алтын қазына десек артық айтқандық болмас.

Құрманғазыдай арда азаматтың рухына тағзым етіп, шығармашылығын асқақтатып, есімін

ардақтау – біздің парызымыз. Бұл өмір заңдылығы. «Өткен күн – тарих,

КҮЙ – ҒҰМЫР



күйлерін шертіліп, көрермендерді рухани сусындатты.

Сонымен қатар, кітапхананың «Өнер өрімдері» әдеби-мәдени клубының жетекшісі, зағип ақын Әбетхан Тоқтағанов шараға тікелей қолдау көрсеткен Республикалық Күйшілер одағы қоғамдық бірлестігінің Алматы филиалының төрағасы – Талап Қарашқа «Талап бауырым, талантыңа тәнтімін» атты авторлық өлеңін арнады.

Шараның соңында «Күйшілер одағы» қоғамдық бірлестігінің

келер күн – сыр, ал бүгінгі күн – сый» деген ғұламалар. Бұл жиын кемеңгер күйшіге арналды. Ол халықтың мұңын мұңдап, жырын жырлап, Отанға деген сүйіспеншілігін өнерімен жеткізген. «Ғалымның хаты өлмейді, жақсының аты өлмейді» демекші, оның жарқын бейнесі ұрпақтар жүрегінде мәңгі сақталатыны анық.

Захра МАХАНОВА,

«Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ қызметкері

**Бас редактор –
директор**

Срайыл СМАЙЫЛ

Гүлнар АХМЕТОВА
Бас директордың
орынбасары

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА
офис-менеджер

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ редактор

Мақпал НОҒАЙБАЕВА редактор

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС

Бас есепші **Расима ӘКІМБЕКОВА**

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй,
№83 кеңсе, 5-қабат

(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)